

"Респубикалық маңызы бар Қарғалы мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қауымал аумағын азайту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 қазандағы № 1184 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 571 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Респубикалық маңызы бар Қарғалы мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қауымал аумағын азайту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 қазандағы № 1184 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қызылорда облысының әкімдігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) "РУ-6" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер участесінің уран өндіру үшін берілуін;

2) уран өндіру жұмыстары аяқталғаннан кейін бұлінген жер участекелеріне рекультивация жүргізіліп, 2040 жылы көрсетілген жер участесінің қауымал құрамына қайтарылуын қамтамасыз етсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министри

Ә. Смайлов